

"Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мүктаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кабель көріздеріндегі арналар мен аландарды беру қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) реттеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 514 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 974 қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мүктаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кабель көріздеріндегі арналар мен аландарды беру қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) реттеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 514 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 19, 170-құжат) **мынадай** **өзгеріс** **енгізілсін:**

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мүктаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кабель көріздеріндегі арналар мен аландарды беру қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) реттеу ережесінде: **көрсетілген** **ережеге** **2-қосымшада:**

2-тармақ **мынадай** **редакцияда** **жазылсын:**

«2. Кабель көріздеріндегі арнада кабель-орындарды пайдалануға беру».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
С.Ахметов

Премьер-Министри